

**Маңғыстау облысы Мұнайлы ауданындағы
«Аяжан» жекеменшік балабақшасының
өзін-өзі бағалау қорытындысы**

Басқұдық ауылы

МАЗМҰНЫ:

1. Өзін -өзі бағалау бұйрығы (1қосымшада)
2. Өзін -өзі аттестаттау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері
3. Құрылтай құжаттары
4. Оқытушылық және оқыту
5. Білікті қызметкерлердің болуы
6. Қолжетімді білім беру үшін жағдай жасау
7. Білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету
8. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база

«Аяжан» жекеменшік балабақшасының өзін-өзі бағалау жұмыстарының мақсаты мен міндеттері

Мақсаты:

Мекеменің білім беру қызметінің мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың міндетті мемлекеттік стандартқа сәйкестігін анықтау.

Міндеттері:

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуды қамтамасыз ететін заттық – кеңістік дамытушы орта құру. Мектепке дейінгі мекемемен отбасының бірлескен ынтымақтылығын нығайту. Балаларға ұлттық құндылықтар туралы толық мәлімет беріп, патриоттық тәрбилеу.

Мемлекеттік аттестаттау нәтижелері туралы қорытынды
«Аяжан» жекеменшік балабақшасы

27 қаңтар 2026 жыл

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» №319 заңының 59 бабы, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығын басшылыққа ала отырып және Маңғыстау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылғы 10 қараша №619-нқ хатына сәйкес «Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің және мемлекеттік аттестаттауға жататын білім беру ұйымдарының тізіміне сәйкес өзін-өзі бағалау құжаттарын жүргізу үшін мынадай құрамда балабақшаны өзін-өзі бағалау аттестаттау комиссиясы 2025 жылдың 29 желтоқсаннан 2025 жылғы № 01-нқ бұйрығымен құрылды:

1. Ирзабекова Д.- балабақша директор комиссия төрайымы
2. Ирзабекова Д.– балабақша әдіскері комиссия мүшесі
3. Рамбаева К. – МД орталық әдіскері, комиссия мүшесі
4. Болатова Г. – балабақша тәрбиешісі, комиссия мүшесі
5. Джарилкасимова К. – медбике, комиссия мүшесі

Өзін –өзі бағалау іс-жоспары түзілді және соған сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Бағаланатын кезеңдерге сәйкес талдау жасалатын құжаттар дайындалды және олардың барлығының көшірмелері түпнұсқадан сканерленген ПДФ форматталған файлдарға салынды және сайтқа жүктелді.

1. Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Мекеменің атауы: «Аяжан» жекеменшік балабақшасы

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: 130000 Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылдық округі, Өндірістік аймақ 3, ғимарат 53.

3) Құрылған жылы: 2019 жыл, жобалық қуаты: 50 орын.

Ғимараттың типтік сипаттамасы: 2 қабатты ыңғайластырылған ғимарат.

Балабақшаның байланыс деректері: Телефон: 87023238362. Электрондық почта: ayajansad-2019@mail.ru Инстаграмм парақшасы:

https://www.instagram.com/ayazhan_balabaqshasy?igsh=MWFod3dxeHM0dnhzcw

== Сайт <https://sadayazhan-munaily.kz/>

4) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: мемлекеттік тіркеу туралы

куәлік жекеменшік балабақша: №KZ18UWQ04542085

Балабақша директоры: Джарылгасымова Акшолпан Орынғалиевна
Ұял.телф: 87750730083, қазіргі таңдағы директоры Ирзабекова Динара Онғайбаевна
Ұял. телф. 87023238362

5) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беруді бастау туралы хабарлама: №KZ86RVK00053065 Берілген күні: 29.11.2023 жылы .

6) Жер пайдалану актісі: Мұнайлы ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 8 желтоқсанында №2976 қаулысымен берген АКТ №0241168, жер учаскесінің кадастрлық нөмірі: 13-203-045-1312

7) Медициналық лицензиясы: Медициналық орталық ТОО «Алимед 362» Медициналық қызмет көрсетуге №1 келісім шарт жасалды. 05.01.2026 жыл.

8) Мұнайлы аудандық Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының 24.01.2023 жылғы №R.07.X.KZ28VWF00086760 санитарлық-эпидемиологиялық қорытындысы бойынша мекеме ҚР Үкіметінің 2011 жылғы 30 желтоқсандағы № 1684 «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» қаулысының санитариялық қағидаларының талаптарына сәйкес келеді.

9) Объектідегі жұмыс істеп тұрған автоматты өрт дабылы өртке қарсы қызметтің басқару пультіне (112) қосылған, өрт дабылын беруге арналған бақылау жабдығының жиынтығымен жабдықталған, ол Маңғыстау облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаменті 112 (ӨҚБ) пультіне дер кезінде хабарлауға жауапты.

«Аяжан» жекеменшік балабақшасы 50 орынға арналған екі қабатты ыңғайластырылған ғимаратқа орналасқан. 2019 жылдың бастап жұмыс жасап келеді. Балабақша 50 орынға арналған. Онда ортаңғы топ-1, ересек -1 топ жұмыс жасайды. Осы аталған топтар үшін 9 педагог және олардың басқа 9 қызметкер, жалпы саны 18 адам қызмет етеді.

Мектепке дейінгі мекеме ғимараты автономдық жылумен жабдықталып, жылу жүйесіне қосылған, салқын және ыссы сумен толық қамтамасыз етілген.

Мектепке дейінгі мекеменің жаңа оқу жылына дайындығы туралы актісі бар. Санитарлық -эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі қызметтерінің қорытындысы мен тексерілген актілері бар. Мектепке дейінгі мекеменің ішкі және сыртқы келбеті СанПИН талаптарына сай. Стандарт жүйесіне байланысты еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізілген. Әр тоқсан сайын қызметкерлермен еңбек қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі нұсқаулықтарын сақтау туралы кеңес өткізіліп, тәрбиеші және тәрбиеші көмекшілеріне балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау нұсқаулықтары өткізіліп, журналдарға қол қойылып отырады. Балалар мен балабақша қызметкерлерінің жарақаттануы тіркелмеген.

«Аяжан» жекеменшік балабақшасының құрылтайшысы Шаменова Нагима Ырзабекқызы, басшы Ирзабекова Динара Онғайбаевна.

Оқыту және тәрбиелеу – мемлекеттік тілде жүргізіледі. Балабақшада ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар-жоқ.

«Аяжан» жекеменшік балабақша басшысының БЕЙНЕСІ:

Ирзабекова Динара Онгайбаевна

1. Туған күні, айы, жылы: 21.11.1983ж
2. Ұлты: қазақ
3. Туған – жері: Өзбекстан елі, Новой облысы
4. Мекен-жайы: Мұнайлы ауданы, Басқұдық ауылы, Ынтымақ 398
5. Білімі: Жоғары білімді
6. Оқу орны, қашан бітірді: «Академик Қуатбеков халықтар достығы Университеті», 2021ж.
7. Мамандығы: «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу»
8. Жұмыс орны: «Аяжан» жекеменшік балабақша директоры
9. Лауазымы: Директор
10. Жалпы еңбек өтілі: 6 жыл
11. Педагогикалық өтілі: 6 жыл
12. Санаты: педагог-модератор

Балабақша әдіскері- Ирзабекова Динара Онгайбаевна

Білімі: Жоғары

Бітірген жылы-2021ж

Біліктілігі-Педагог-модератор 2025ж

Жалпы педагогикалық өтілі-6 жыл

Осы балабақшада- 6 жыл

Тәрбие-білім беру процестері

«Аяжан» жекеменшік балабақшасында жылдық жоспар оқу жылының басында талданып, педагогикалық кеңесте бекітілген. Педагогикалық кеңестің хаттамалары өткен педагогикалық кеңестегі қаралған мәселелердің шешілгендігін талдау арқылы басталып отырған, сауатты, жан-жақты, нақты жазылған.

Педагогикалық ұжымның іс-әрекеті нормативтік құжаттармен реттеледі. «Аяжан» жекеменшік балабақшасының педагогикалық ұжымы оқыту- тәрбиелеу процесін:

- ҚР «Білім туралы» Заңына;
- Балабақшаның Ережесіне;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына;
- Оқу жұмыс жоспарына;
- Ішкі тәртіп ережелеріне;
- ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық білім басқармасының және аудандық білім бөлімінің бұйрық, нұсқау, қаулыларына сәйкес ұйымдастырады.

«Аяжан» жекеменшік балабақшасына балаларды қабылдау мектепке дейінгі

білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес, мектепке дейінгі мекемелерде құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін стандарт талаптарға сәйкес жүргізіледі.

Ата-аналарға арналған кеңес беру бұрышы ұйымдастырылып, жауапты маман бекітілген. Ата-аналармен келісім-шарттар жасалған. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу журналы талапқа сай.

Құжаттар іс-қағаздар номенклатурасына сәйкес жүргізіледі.

Мектепке дейінгі мекеменің әр жылға арналған оқу жұмыс жоспары меңгерушімен бекітілген. Жылдық жұмыс жоспарларында өткен оқу жылдарына қорытынды жасалып, атқарылған жұмыстар талданған, алдағы оқу жылының мақсат-міндеттері көрсетілген.

Әр топтың ұйымдастырылған іс-әрекеттері жылдық перспективалық жоспары білім беру салаларын («Физикалық-қасиеттер дағдысын», «Таным-зияткерлік дағдысын», «Шығармашылық дағдысын», «Әлеумет эмоционалдық дағдысын», «Комуникативті қарым-қатынас дағдысын») ескере отырып, құрылған.

Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиелеу мен оқыту Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты бойынша жүргізіледі. 2023 – 2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 14 қазан №422 бұйрығын мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын, «Мектепке дейінгі балалық шақ-2024» Республикалық орталығының әдістемелік нұсқаулық хаты, Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдардағы 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатын негізге алып құрастырылды.

Оқу жылының ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестесі балабақша меңгерушісімен бекітілген, ҚР МЖМБС талаптарына сәйкес жасалған.

Инвариативті және вариативті іс әрекетінің ауытқушылықтар жоқ. Балабақша педагогтары балалардың ойлау қабілетін, белсенділігін арттырып, рухани-адамгершілік қасиеттері мен патриоттық сезімдерін дамыта отырып, әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес және өздерінің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған іс әрекетінің вариативтік компонентіне бағдарламалары құрастырды. Вариативтік бөліктегі іс әрекетінің тізбесіне: ортаңғы топта: «Ертегілер елінде», ересек топта «Тәрбие тал бесіктен басталады», «Қуыршақ театры, «Өнерлі екен он саусак», «Логика" тақырыптары алынды.

Вариативтік бағдарламалар білім беру процесінің сапасын қамтамасыз етеді, баланың толыққанды дамуына әр жастағы балалардың даму деңгейіне сәйкес келесі жасқа өтуінде сабақтастықты сақтай отырып, әлеуметтік тұлғалық дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасайды, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытады.

«Адал азамат», «Бір тұтас тәрбие» бағдарламасының міндеттерін іске асыру мақсатында жаңа заман талабына сай баланың бойына жастайынан ұлттық құндылықтарды сіңірту, ізгілік, мейірімділік, адамгершілік сынды қасиеттерді саналарына сіңіріп, жаһандану заманында өз елін қорғайтын, үлкенді сыйлайтын «Мәңгілік Ел» ұрпағын тәрбиелеп, балаға жүйелі білім бере отырып, дені сау,

білімді, өнерлі ұрпақ тәрбиелеуге үлес қосуды балабақшаны басты мақсатымыз деп түсінген педагогтар осы вариативтік бөлімдерді құрастырып, жұмыс жасауда. Мектепке дейінгі мекеменің педагогикалық кеңес хаттамалары жазылған. Тігіліп, мөрленіп, меңгеруші бекіткен.

Қызметкерлермен лауазымдық міндеттері және еңбек қауіпсіздігі нұсқаулықтары бар және балалардың, қызметкерлердің жарақаттану жағдайын тіркеу журналы жүргізілген.

Ата – аналар жиналысының хаттамалары жазылған, тігілген, нөмірленген, бекітілген, материалдары жинақталған. Ата - аналар туралы мәліметтер жинақталған. Мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыс басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар - практикумдар, кеңес берулер, тренингтер, кері байланыстар өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, формаларды қолданады. Мектепке дейінгі мекемеде педагогикалық кеңестерде тәрбиелік жұмыстарды, олардың нәтижелілігін, мазмұнын, формаларын және әдістерін дөңгелек үстел, пікірталас, іскерлік ойын, бағдарламалар презентация түрінде қарастырылған. Балабақшадағы ашық ұйымдастырылған іс әрекетінің, ойын - сауық ертеңгіліктер жоспар бойынша әр оқу жылында өз деңгейінде өткізілген.

Балабақшада салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған жұмыс түрлері жақсы, жүйелі жолға қойылған. Тәрбиешілер осы бағыттағы жұмыстарды жоспарлы түрде сауықтыру – шынықтыру әрекеттерін қолдана отырып, «Мен мықтымын», «Спортты сүйсең менше сүй!», «Біз күштіміз, біргеміз!» «Спорт – денсаулық кепілі», «Шаңғы тебу «Дені саудың – жаны сау», «Жас спортшы» атты спорттық сайыстар өткізілді.

Музыкалық іс-әрекеттерді тәрбиешілер бірлесіп көрсеткен ертеңгіліктері, іс-шаралары өте қызықты, сапалы өтіп, әр ата-ананың көңілінен шыға білді.

Балалардың ән айту қабілеттерін дамыту үшін дауысты дыбыстарды және тыныс алу жаттығуларын қолданып, музыкалық жанрды ажыратуын жақсы меңгертіп, музыкалық қимылды ойындарға қызыға араластыру арқылы шығармашылықтарын арттырды.

Балабақшамыздың орта, ересек топтарында ұдайы мәңгілік ел, рухани жаңғыру идеясы, «Адал азамат» бағдарламасы негізінде ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары жүргізіліп отырады. Әр дүйсенбі күндері ҚР Гимнді орындап, Тәуелсіздік, достық, Отан қорғаушылар мерекелері де Гимнмен басталып, рәміздер туралы мәліметтереске, салынып отырады.

«Менің Қазақстаным!», «Мен қазақ баласымын», тақырыптарында мерекелік шаралар өткізіліп, «Әсем қалам - Астанам!» «Жайнай бер -Астана тақырыптарында сурет байқаулар ұйымдастырылды. Балаларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге, ұлт жандылыққа, ерлікке баулу, ел қамын жеген ерлерді үлгі тұту, өнеге алуға және халқының тарихын білуге үйрету, достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында достық пен ынтымақ мерекелеріне орай іс - шаралар жоспарланып өткізілуде.

**«Аяжан» жекеменшік балабақшасының педагог қызметкерлері
туралы мәлімет**

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Білімі	Педагогикалық өтілі		Санаты
				Жалпы	Қызметі бойынша	
1	Ирзабекова Динара Онгайбаевна	21.11.1983	Жоғары	6	6	Педагог- модератор
2	Султанова Гулмарал Бактығалиевна	09.08.1999	Жоғары	3	3	Жоқ
3	Болатова Гүлназ Мұсақызы	09.08.1999	Жоғары	11	3	Педагог- модератор
4	Ирзабекова Набира Тугелбаевна	20.04.1981	Жоғары	15	4	Педагог-модератор
5	Гаменова Алмагул Жарылғаповна	10.11.1969	Жоғары	19	4	Педагог- сарапшы
6	Нургалиева Жанар Малбагаровна	12.02.1982	Жоғары	23	4	Педагог-сарапшы
7	Сайтғалиева Назым Ибрагимовна	24.05.1978	Жоғары	15	4	Педагог-зерттеуші
8	Оразов Талғат Джумағалиевич	25.01.1997	Кәсіптік техникалық	6	4	Педагог-модератор
9	Ислам Бауыржан Кәрімұлы	02.08.1999	жоғары	3	3	Жоқ

Педагогтардың білімі туралы мәлімет

Оқу жылдары	Барлық педагогтар	Мектепке дейінгі жоғары білім	Жоғары пед. білім	Мектепке дейінгі арнаулы орта білім	Кәсіптік техникалық білім	Педагогикалық білімі жоқ
2023-2024	9	3/33,3%	3/33,3%	2/22,2	1/11,2%	0
2024-2025	8	3/38%	2/25%	2/25%	1/12%	0
2025-2026	9	3/33,3%	3/33,3%	2/22,2%	1/11,2%	0

Педагогтер санаты туралы мәліметтер

Оқу жылдары	Барлық педагогтер	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер	Санатсыз
2023-2024	9	1	2	1	0	5
2024-2025	8	3	2	1	0	1
2025-2026	9	4	2	1	0	2

Санаттарының көшірмесінің куәліктері қоса берілді

Курстан өткен педагогтар көрсеткіші

№	Педагог аты-жөні	Лауазымы	Тақырыбы	Қатысқан уақыты	Сертификат номері	Балабақша атауы
1	Ирзабекова Динара Онгайбаевна	Директор	«Мектепке дейгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқу тәрбие үрдісінің жасалу бағыттары»	24.07.2024-09.08.2024ж	72 сағат №561	«Аяжан» бб
2	Ирзабекова Динара Онгайбаевна	Әдіскер	«Мектепке дейгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту жағдайындағы оқу тәрбие үрдісінің жасалу бағыттары»	24.07.2024-09.08.2024ж	72 сағат №561	«Аяжан» бб
3	Султанова Гулмарал Бактығалиевна	психолог	«білім берудегі жасанды интеллект инновациялық технологиялар мен оқу үдересінің цифрлық трансформациясы»	15.01.2026ж	15.01.2026ж 80 сағат тіркеу номері 110668	«Аяжан» бб
4	Болатова Гүлназ Мұсақызы	Тәрбиеші	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагогтерінің кәсіби құзыреттілігі жетілдіру»	05.05.2025ж	80сағат 05.05.2025 ж тіркеу номері №2203	«Аяжан» бб
5	Ирзабекова Набира Тугелбаевна	Тәрбиеші	«МДҰ балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу»	24.03.2023ж	24.03.2023ж72 сағат №0017109	«Аяжан» бб

6	Таменова Алмагул Жарылғаповна	Тәрбиеші	«Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту»	14.12.2023	04.12- 14.12.2023ж тіркеу номері №0705056	«Аяжан» бб
7	Нурғалиева Жанар Малбағаровна	Қазақ тілі мұғалімі	«Білім берудегі жасанды интеллект революциясы»	30.09.2025	30.09.2025ж 00044776	«Аяжан» бб
8	Сайтғалиева Назым Ибрагимовна	Тәрбиеші	"МДҰ балаларға қатысты зорлық- зомбылықтың алдын алу	24.03.2023	24.03.2023ж 72 №0017109	«Аяжан» бб
9	Ислам Бауыржан Кәрімұлы	Музыка пәні мұғалімі	«Музыка пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттіліктері н дамыту»	15.01.2024	05.04.2024 №0705750	«Аяжан» бб

Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады. Бұл - әдістемелік жұмыстарға қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, аудандық және облыстық семинарларға қатысып, өз тәжірибе жинау және аудандық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын, кеңестерін және ашық ҰІӨ-ін жариялау.

Еңбек өтілі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	1-5 жылға дейін	5-10 жылға дейін	10-20 жылға дейін	20 жылдан жоғары
2023-2024	9	2	2	4	1
2024-2025	8	2	2	4	0
2025-2026	9	3	1	5	0

Жас ерекшелігі бойынша кадрларға мінездеме

Оқу жылдары	Педагогтар саны	20-30жас	30-40 жас	40-50жас	50-60жас
2023-2024	9	3	1	3	2
2024-2025	8	3	0	4	1
2025-2026	9	4	0	4	1

Кадрларды орналастырғанда білімі, педагогикалық жұмыс тәжірибесі, психологиялық сәйкестік есепке алынады.

Педагогикалық кадрлар туралы мәселе әкімшілікпен педагогикалық кеңестерде, өндірістік жиналыстарда талқыланады. «Аяжан» жекеменшік ісжүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі мекемеде кадрлардың жеке ісқағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы бұйрық, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары немесе еңбек келісім шарттары, біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел.

Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі мекеме кадрларының еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған.

Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі мекемеішілік марапаттаулар мен қатар аудандық, облыстық марапаттарға ие.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2008 жылы 16 мамырдағы № 272 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарында

педагогикалық кеңес қызметінің және оны сайлау тәртібінің ережелері» негізінде жыл бойына жоспарға сәйкес 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған.

Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, өндірістік отырыстарда қарастырылады.

Педагогикалық процестің ең маңызды көрсеткіштерінің бірі—жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі мекемеде әр жылға оқу-тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтардың мониторингі жасалған. Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Тәрбиеленушілердің конкурстарға қатысу нәтижелері

№	Марапат атауы	Орны	Республикалық	Аты-жөні	уақыты
1	«Алтын күз»	I -орын	«Ұлағат» балалар мен жасөспірімдер сайты»	Орынбасар Ерғали	2023 жыл
2	«Қазақтың қайсар қыздары» сурет салу»	I -орын	«Мәңгілік ел жастары қоғамдық қоры»	Жұмағали Аружан	2023 жыл
3	«Мәнерлеп оқу»	I -орын	«Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қоры	Онгарбаев Ернар	2023 жыл
4	«Мұқағали оқулары» жыр байқауы	I -орын	«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жоспарды қолдау ұйымы	Ералбай Рамазан	2023 жыл
5	«Мұқағали оқулары-2024»	I -орын	«Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қоры	Шарафадин Малика	2024 жыл
6	«Мұқағали оқулары жыр байқауы»	I -орын	«Жаңа Қазақстан» республикалық дарынды жоспарды қолдау ұйымы	Абат Хадиша	2024 жыл
7	«Мұқағали оқулары-2024»	I -орын	«Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қоры	Орынбек Аружан	2024 жыл
8	«Мен зерттеушімін»	III -орын	«Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімі»	Джолдасбай Раяна	2024 жыл
9	«Мәнерлеп оқу»	I -орын	«Бала Дарын» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық дамыту орт.	Джаксыбай Мадина	2025 жыл
10	«Мәнерлеп оқу»	I -орын	«Бала Дарын» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық дамыту орт	Нұрлан Айсұлтан	2025 жыл

«Аяжан» жекеменшік балабақшасында барлығы 9 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Оқу-ағарту министрінің міндетін атқарушы 2023 жылғы 21 шілдедегі № 224 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі мекеменің үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар толық мамандандырылған.

«Аяжан» жекеменшік балабақшасының педагогтарының жетістіктері

№	Аты-жөні	Марапат атауы	Берілген жері	Мерзімі
1	Ирзабекова Набира	Алғыс	Басқұдық ауылдық ауылдық округі әкімдігі	2023ж
2	Ирзабекова Д.	Сертификат	«Үміт» шығармашылық Фестивалі	2023ж
3	Болатова Гүлназ	II орын	«Кішкентай ханшайым» Басқұдық ауыл мәдениет үйі	2023ж
4	Ирзабекова Динара	Алғыс	Мұнайлы ауданы білім бөлім басшысы	2023ж
5	Оразова Талгат	Алғыс	Басқұдық ауыл әкімі	2023ж
6	Таменова Алмагул	II орын	«Ізденіс. Нәтиже» Б.Демократұлы	2024ж
7	Сайтгалиева Назым	Диплом	«Мәңгілік ел жастары» қоғамдық қоры	2024ж
8	Султанова Гулмарал	Диплом	«Бала Дарын» балалар мен жасөспірімдер шығармашылық дамыту орт	2025ж
9	Ирзабекова Набира	“Қазақшаң қалай балақай?”	Мұнайлы ауданы білім бөлім басшысы С.Жубанов	2025ж
10	Болатова Гүлназ	Алғыс	«Аяжан» еменшік б/б директорынан	2025ж

2023-2024 оқу жылында

№	Бала саны	Жас кезеңі	Топтың атауы
1	25	3-жас	«Болашақ»
2	25	4-жас	«Айгөлек»
	50	Барлығы: 2 топ	

2024-2025 оқу жылында

№	Бала саны	Жас кезеңі	Топтың атауы
1	25	3-жас	«Болашақ»
2	25	4-жас	«Айгөлек»
	50	Барлығы: 2 топ	

2025-2026 оқу жылы

№	Бала саны	Жас кезеңі	Топтың атауы
1	25	3-жас	«Болашақ»
2	25	4-жас	«Айгөлек»

Оқу – әдістемелік жұмыс тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылаты талаптар:

Білім беру ұйымының бекіткен жұмыс оқу жоспарларының көшірмелері, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, күнделікті жұмыс тәртібі, үлгілік оқу жоспары № 557 бұйрығына сәйкес жұмыс жүргізілді. Жоспар және циклограммалар талданды. оқу жүктемесі берілген. МДТОҰОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы, оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесінің сақталуы 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу мен білім беру процестері бес дағдылар бойынша үлгілік оқу жоспарының оқу жүктемесінің талаптарына сай жүргізілді. 2023-2024, 2024-2025, 2025-2026оқу жылдары үлгілік оқу бағдрламасының Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына сәйкес ұымдастырылған іс – әрекет ересек, ортаңғы топтарда ойын түрінде жүргізілді. 2023- 2024ж, 2024-2025, 2025-2026оқу оқу жылдарында ортаңғы, ересек топтарда ойын жаттығу түрінде өткізіліп, уақытпен сағат санына шектелмеген. Пәндік кеңістіктік дамытушы орта құру балабақшамызда баланың жас ерекшелігіне сай құрылған. Пәндік- кеңістіктік даму ортасы, баланың өмірі мен денсаулығын қорғауды қамтамасыз етеді. Пәндік-дамытушы ортада заттық объектілер мен жеке жұмыс, өзара іс-әрекетпен тәжірибе бөлісу қарастырылған. Осы мақсатты іске асыру барысында бөбекжайда ойын технологиясы «Асық» технологиясын пайдаланады. М.Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда сәйкес пәндік – кеңістіктік даму ортасын құруды өлшеу бойынша талдау жүргізіледі. Тігілген құралдар, балалардың саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту мақсатында түймелеу, орналастыру, сыдырмақтар, жалаушалар, доптар, атрибуттар, даму ойындары және т.б. құралдар, дидактикалық және үлестірмелі материалдар жасақталған.

"Физикалық қасиеттерді дамыту", "Коммуникативтік дағдыларды дамыту", "Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту", "Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс- әрекетін дамыту", "Әлеуметтік эмоционалды дағдыларды қалыптастыру" білім, білік дағдылары негізделген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын түрлі іс-әрекеттерді ұйымдастыру арқылы оларды кіріктіру жолдарымен іске асырылды. Балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп, оларды жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын дамытуға бағытталған. Физикалық қасиеттерін дамыту, Коммуникативтік дағдылар, Танымдық және зияткерлік дағдылар, Шығармашылық дағдылары зерттеу іс-әрекетін дамыту, Әлеуметтік - эмоцияналды дағдыларды қалыптастыру ойын іс-әрекет негізінде кіріктіріліп қамтамасыз етілген. Перспективалық жоспарға сәйкес әрбір аптаға үлгілік оқу жоспарының міндеттеріне сәйкес циклограмма құрылған.

Тәрбиелеу білім беру процесінің циклограммасы балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, әрбір күн тәртібінің міндеттері, мазмұны ұзақтығы және ұйымдастырылған іс-әрекеттері сақталған. Балалардың өз бетінше шешім қабылдау үшін жағдайлар жасау, балаларға ойлануға, зерттеуге, белгілерді санауға және оларға бағдарлануға мүмкіндік беріледі. Серуенді, таңертеңгі гимнастика, ойындарды (*дамытушы, сюжеттік-рөлдік, қимылды және т.б.*) ұйымдастыру үшін картотекаларды қолдану арқылы көрсетілген. Балабақша әдіскері тәрбиешілердің циклограмманы уақытылы құрастыруын бақылауды тиісті ұсыныстармен ескертулер тексере отырып жүзеге асырылады. Мектепке дейінгі тәрбиемен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» Жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі нәтижелері жасалған. Жыл сайын балабақша тәрбиеленушілері мен педагогтері зияткерлік байқауларға, көркемдік және шығармашылық конкурстарға қатысып, жақсы жетістіктер көрсетіп келді.

Қол жетімді білім беру үшін жағдай жасау

Топтағы заттық-дамыту орталықтар жас ерекшеліктеріне сай құрылған, Балабақшадағы топтардың барлығы балалардың жас ерекшелігіне сай жабдықталып, безендірілген, қажетті көрнекілік құралдармен қамтамасыз етілген. Балалардың денсаулығын және өмірін сақтаудағы қауіпсіздік ережелері қатаң сақталған.

Қабылдау бөлмесінде ата - аналарға арналған ақпарат бұрыштары, жылжымалы папкалары бар. Онда ата-аналарға арналған педагогикалық және дәрігерлік кеңестер мен хабарландырулар, балалардың жеткен жетістіктері туралы ақпараттар берілген.

Топ тәрбиешілерінің көрнекіліктері эстетикалық талғамға сай жасалған. Топ құжаттары талапқа сай жинақталған. Ата-аналармен жұмыс, мектеппен сабақтастық жоспарлары құрылып, өткізілген кеңестер, дөңгелек үстел, баяндамалар, ертеңгіліктер, сауалнамалар папкаға жинақталып хаттамалары толтырылған.

Топтарда «Қазақи бұрышы», «Сұлулық салоны», «Дәріхана» ойындары, «Сопрттық бұрыш», «Табиғат бұрышы», «Денсаулық» бұрышы, «Жолда жүру ережесі», «Біз кезекшіміз», «Дүкен», «Құрылысшы», «Асхана» бұрыштары, сюжеттік-рөлдік ойындардың құрал- жабдықтары жинақталған, аквариумдағы балықтар, бөлме өсімдіктері өсіріледі.

Топта балалардың ой-өрісін, тілдерін дамыту мақсатында түрлі тақырыптағы лотолар, мозаика, үстел үсті және әр-түрлі құрастырмалы ойыншықтар жинағы, ұсақ қол моторикасына арналған дидактикалық ойыншықтар, матрешкалар бар.

Театрлық іс-әрекеттерін және шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында драмалауға арналған қуыршақтар, музыкалық ойыншықтар (*домбыра, пианино, сылдырмақ*), сюжетті-рольді ойындар, үстел үсті театрлар жинақталған.

Мектепке дейінгі мекемеде кеңістік - пәндік ортаны дайындау барысында «Бала мен балабақша», «Ата-аналар сіздер үшін», «Денсаулық бұрышы», «Біздің мақтанышымыз», «Жол ережелері», «Кітапхана» атты мемлекеттік белгілер мен тақырыптық стендтер орнатылған.

санамақтар, сергіту сәті дискілердің данасы жинақталған. Балалардың қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейтуге, сезімдік тәжірибесін қалыптастыра отырып, түйсігі мен қабылдауын жетілдіруге, ұсақ қол моторикасын дамытуға, түрлі-түсті заттар мен құралдарды қолдануға, түстерді ажырата білуге, біртекті заттардың ортақ белгісіне қарай топтастыра білуге бағытталған құрал-жабдықтармен қамтылған.

Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік бөлме заман талабына сай жиһаздармен, компьютермен, әдістемелік әдебиеттер және балалар көркем әдебиеттерімен, дидактикалық ойындармен жабдықталған. Әдістемелік бөлмеде тәрбиешілердің іс-тәжірибиесі: видеотека, ашық көрсетілімдері, өткізген жұмыстары, слайдтары толық жинақталған.

Мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік жұмыс, басқарма жұмысы ретінде педагогикалық ұжымның жұмысын, білім беру бағдарламаларының міндеттерін шешуге бағыттайды. Мектепке дейінгі мекеменің әдіскерлік қызметін Ирзабекова Динара Онгайбаевна өзі атқарады. Білімі - жоғары, педагогикалық өтілі- 6 жыл, әдіскер қызметінде-6 жыл.

Әдістемелік жұмыстардың қорытындысы мектепке дейін мекеменің аналитикалық жұмыс жүйесі, әдістемелік құжаттардың толықтығын көрсетті. Оқу-тәрбие процесін әдістемелік жағынан қамту мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың талаптарына сәйкес жүргізіледі. Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады.

Педагогтар өз жұмыстарында жаңашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады. Балабақша педагогтарына арналған 1 компьютер **50 Mб/с «4G Altel»** интернет жүйесіне қосылған.

Мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен анықталған нормативтерге сәйкес әдістемелік әдебиеттер саны жинақталған. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінің тәрбиешілеріне арналған әдістемелік құралдар, кітаптар бар.

Балабақшада кітапхана бұрышы үш топтада жабдықталған, арнайы әдістемелік басылым журналдарымен және балаларға арналған ертегі кітаптармен, электронды түрде аудио және кюар кодпен де ата-аналарға арналған кітаптармен толықтарылуда. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартына сай балаларға керекті құрал-жабдықтар жинақталған, әдістемелік көрнекіліктер жеткілікті. Көрнекіліктер эстетикалық көркемделуі жағынан талаптарға сай.

Оқу жылдары әдістемелік әдебиеттер саны

Оқу жылдары	Әдістемелік әдебиеттер саны	Балалар көркем әдебиеттері саны
2023-2024	80	185
2024-2025	105	202
2025-2026	110	220

Мектепке дейінгі мекеменің топтары ойын материалдары мен құрал-

жабдықтармен қамтылған. Қосымша әдебиеттер қорының саны жеткілікті.

Мектепке дейінгі мекемеде балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы және қауіпсіз орта құру.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында балабақшаның барлық топ бөлмелерінде, дәлізде, кіре беріс есіктер мен балабақша ауласының аумағында толық бейнебақылау камералары қондырылған.

Объектідегі жұмыс істеп тұрған автоматты өрт дабылы өртке қарсы қызметтің басқару пультіне (112) қосылған, өрт дабылын беруге арналған бақылау жабдығының жиынтығымен жабдықталған, ол Маңғыстау облысы бойынша Төтенше жағдайлар департаменті 112 (ӨҚБ) пультіне дер кезінде хабарлауға жауапты.

Балабақшаның бөлмелері жарық пен жылумен қамтамасыз етілген. Бұл балалардың қауіпсіздігі үшін жасалған игі істер.

Тәртіппен тәрбиенің ұштасуы қауіпсіз қоғамды қалыптастырады. Балалар қауіпсіздігін басты назарға ала отырып, білім беру жағдайларын жасау балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім дағдылары мен рухани жаңғыру бағдарламасын іске асыру мақсатында білім беру бағыттарын кіріктіріп, заттық кеңістікті дамытушы ортаны жабдықтауға, инновациялық әдістермен технологияларды қолдана отырып балалардың қажеттілігін қанағаттандыруға аса мән берілген.

Физикалық қасиеттер дағдыларын дамыту бойынша:

Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішінді ойын материалдары бар.

Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.



Таным-зияткерлік дағдыларын дамыту білім беру саласы бойынша:

Түрлі-түсті заттар мен құралдарды қолдану, түстерді ажырата білу, біртекті заттардың ортақ белгісіне қарай топтастыра білу, ұсақ қол моторикасын дамыту. Қоршаған ортаны бағдарлау аясын кеңейту. Сезімдік тәжірибесін қалыптастыру түйсігі мен қабылдауын жетілдіру, түрлі көлемдегі геометриялық пішіндерді, түсі,көлемі, ұқсас қасиеттері бойынша салыстыру және іріктеуді жетілдіру мақсатында жабдықталған.



Коммуникативті қарым-қатынас дағдыларын дамыту бойынша:

Сөйлеу мәдениеті, дыбыстық мәдениет, дыбыстарды дұрыс айта білуге, ажырата білуге жаттықтыру; Сөздерді түрлендіруге сыни көзқарасын және дұрыс сөйлей білуге тәрбиелеу; Сөздік қорларын дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйрету, сөзге қызығушылығы мен зейінін тұрақтандыру. Грамматикалық дұрыс сөйлеуді жетілдіру; Диалогты сөйлеуді қалыптастыру және шығармашылық тілдік қабілетке баули отырып, әдеби шағармаларды тыңдап, әңгімелеу және әңгімені қабылдай білуге үйрету мақсатында қатынас жабдықталған.



Шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша:

Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен жабдықталған.



Әлеуметік эмоционалдық дағдыларын дамыту бойынша:

Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар, ыдыс-аяқтармен жабдықталған. Тиімді оқытуға ықпал ететін материалдық-техникалық база, заттық дамытушы орталар балаларға қолжетімді деңгейде орналастырылған.

Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырылады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, музыка орталығы, ұнтаспамен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 2 компьютер, 2 принтер, 1 түрлі-түсті принтер, 1 сканер, 1 ксерокөшірме аппараты және видеопроектор бар. Топтар парта, отырғыш кереуеттермен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған.

Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 даму дағдыларына сай безендірілген. Мектепке дейінгі мекемеде би залы, әдіскер кабинеті талапқа сай жабдықталған. Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: тоңазытқыштар, үтіктейтін аппарат, т.б. жабдықталған. Төсек-орын әр балаға 2 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады.

Асхана бөлмесі қажетті құралдармен толық жаңартылып талапқа сай жабдықталған, санитарлық талаптарына сай.

Ас әзірлейтін бөлме –28ш/м, 1-электроплитамен, 1 газплитамен, 1-пеш, 1-сужылтқыш, 2 тоңазытқыш, 1 электретаптқыш, дайын және шикі күйіндегі азық-түліктерге арналған үстелдер, ас үй жабдықтары нөмірленген, санитарлық талаптарға сай. Ас үйде аспаз-1, 1-ас үй жұмысшысы жұмыс жасайды. Шикі өнімдерді сақтайтын қойма бар.

Балабақша медициналық құрал-жабдықтармен жабдықталған, арнайы кабинет бар. Медициналық бөлме қажетті құрал-жабдықтармен қамтылған. Дезинфекциялық құралдарды дайындауға арналған орын толық жабдықталған.

Медициналық кабинетте:

1) Медбикенің жұмыс орны медбикенің медициналық арнаулы білімі, медициналық білім қызметіне сертификаты бар.

Мектепке дейінгі мекеме әкімшілігі материалдық-техникалық базасының нығауына көңіл бөледі. Балабақша күрделі жөндеу жұмыстарын талап етпейді. Мектепке дейінгі мекеменің материалдық - техникалық базасы қанағаттанарлық. Әр топқа арналған ойын алаңы бар, ойын алаңдарын жабдықтау қанағаттанарлық жағдайда.

«Аяжан» жекеменшік балабақшасының тәрбиеленушілерінің біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы

2023-2024 оқу жылы "Аяжан" жекеменшік балабақшасының балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі. 2024жыл

Жас топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		
		олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
ерте жас тобы																
кіші топ																
ортаңғы топ	25	14	6	5	14	6	5	14	6	5	14	6	5	14	6	5
ересек топ	25	10	8	7	9	8	8	8	12	5	8	10	7	8	10	7
Барлығы	50	24	14	12	23	14	13	22	18	10	22	16	12	22	16	12
%	100	48	28	24	46	28	26	44	36	20	44	32	24	44	32	24

2024-2025 оқу жылы "Аяжан" жекеменшік балабақшасының балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша қорытынды мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі. 2025 жыл

		Физикалық қасиеттерді дамыту	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру
--	--	------------------------------	-----------------------------------	--	--	--

Жас топтары	Балалар саны	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей	олардың ішінде жоғары деңгей	олардың ішінде орташа деңгей	олардың ішінде төмен деңгей
ерте жас тобы																
кіші топ																
ортаңғы топ	25	19	6		14	10	1	20	5		15	8	2	15	8	2
ересек топ	25	25	0	7	15	10	0	22	3		21	3	1	17	7	1
мектепалды топ																
Барлығы	50	44	6		29	20	1	42	8		36	11	3	32	15	3
%	100	88%	12		58	40	2	84	16		72	22	6	64	30	6

**2025-2026 оқужылы "Аяжан" жекеменшік балабақшасының балаларының біліктері мен дағдыларының дамуын бақылау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері туралы жинақ есебі.
2025 жыл қыркүйек айы**

Жас ерекшелік топтары	Балалар саны	Физикалық қасиеттерді дамыту			Коммуникативтік дағдыларды дамыту			Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту			Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту			Әлеуметтік - эмоционалды дағдыларды қалыптастыру		БАРЛЫҒЫ							
		ол ардының ішінде жоғары	ол ардының ішінде орташа	ол ардының ішінде төмен	ол ардының ішінде жоғары	ол ардының ішінде орташа	ол ардының ішінде төмен	ол ардының ішінде жоғары	ол ардының ішінде орташа	ол ардының ішінде төмен	ол ардының ішінде жоғары	ол ардының ішінде орташа	ол ардының ішінде төмен	олардың ішінде орташа деңгей	ол ардының ішінде төмен	ол ардының ішінде жоғары	%	ол ардының ішінде орташа	%	ол ардының ішінде төмен	%		
		деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей	деңгей		деңгей	деңгей	деңгей	деңгей		
Ерте жас тобы																							
Кіші топ																							
Ортаңғы топ	25	11	8	6	10	7	8	8	8	9	11	8	6	10	7	8	11	44%	8	32%	6	24%	
Ересек топ	25	13	7	5	13	7	5	12	8	5	14	6	5	13	7	5	13	52%	7	28%	5	20%	
Мектепалды тобы																							
Жас ерекшелігі әртүрлі топтар (1,2 жастағы балалар)																		0	###	0	#Д ЕЛ /0!	0	#Д ЕЛ /0!
Жас ерекшелігі әртүрлі топтар (3,4,5 жастағы балалар)																		0	###	0	#Д ЕЛ /0!	0	#Д ЕЛ /0!
Барлығы	50	24	15	11	23	14	13	20	16	14	25	14	11	23	14	13	24		15		11		
%	100	48%	30%	22%	46%	28%	26%	40%	32%	28%	50%	28%	22%	46%	28%	26%	48%		30%		22%		

Тәрбиеленушілердің ата-аналарының білім беру қызметінің сапасына қанағаттануын талдау:

Балабақшаның жылдық жоспарына сәйкес жылына 3 рет жалпы №1 «Мектепке дейінгі жастағы баланың физикалық дамуы, оған себептес, әсерлер», №2 «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдерін дамытуда жаңашыл педагогикалық әдіс- тәсілдерді қолдану», №3 «Оқу жылының қорытындысы» ата-ана жиналысы өткен. Талдау барысында сауалнама жүргізілді, оның негізгі міндеттері:

- білім беру мекемесінің және оның педагогикалық ұжымының жұмысына ата-аналардың қанағаттану деңгейін анықтау;
- оқу-тәрбие процесінің сапасын бағалауды анықтау;
- балабақшаға келіп жүрген балалардың дайындық деңгейіне ата-аналардың қанағаттануын анықтау;
- алынған мәліметтерді талдау төмендегідей нәтиже

көрсетті. Жүргізілу мерзімі: 22.01.2026 жыл

Мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналары үшін (толық келісемін, келісемін, келіспеймін, толық келіспеймін)

р/с	Сұрақтары	Жауаптары			
		толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Сіздің балаңыз балабақшаға қуана барады	74%	22%	4%	0%
2	Топта баланың оқуы мен өмірі үшін қолайлы атмосфера бар	68%	32%	0%	0%
3	Сіз топ тәрбиешілерінің қызметіне қанағаттанасыз	73%	27%	0%	0%
4	Сіз мектепке дейінгі ұйымның басқа мамандарының (музыкалық жетекші, қазақ тілі, дене нұсқаушы қазақ, орыс тілі педагогы, педагог- психолог, арнайы педагог) қызметіне қанағаттанасыз	64%	36%	0%	0%
5	Мұғалімдер этика нормаларын, педагогикалық әдептілік пен балалармен қарым-қатынастағы әділеттілікті сақтайды	68%	32%	0%	0%
6	Сіз балаңыздың дамуын байқайсыз ба	55%	45%	0%	0%
7	Мектепке дейінгі ұйымның оқыту және тәрбие жұмысы баланы мектепке дайындауға ықпал етеді	73%	27%	0%	0%
8	Балалардың тамақтануы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	59%	41%	0%	0%
9	Сіз балаңыздың жетістіктері мен мінез құлқы туралы ақпараттандыру сапасына қанағаттанасыз	59%	41%	0%	0%
10	Топ ата-аналарымен мектепке дейінгі ұйым мамандары: медицина қызметкері, психолог, қазақ немесе басқа тіл мұғалімі, музыка жетекшісі және т. б. балаңызды дамыту, тәрбиелеу және оқыту мәселелерінде консультациялық көмек	59%	41%	0%	0%

	көрсетіледі.				
11	Сіз балабақша жұмысын ұйымдастыруға қуаныштысыз	64%	36%	0%	0%
12	Сіз мектепке дейінгі ұйымға материалдық көмек көрсетесіз бе	0%	0%	0%	0%
13	Егер сіз жауаптардың кез келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе мектепке дейінгі ұйымның жұмысын жақсарту бойынша ұсыныстар бергіңіз келсе, мына жерді көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	0%	0%	0%	0%

Сауалнамаға ересек тобының барлығы 25 ата-ана қатысты 100% жауап берді. Ата-аналары балабақша жұмысына риза. Ата-аналардың білім беру мекемесі мен оның педагогикалық ұжымының жұмысына қанағаттану коэффициенті 100% құрады, бұл қанағаттанудың жақсы деңгейін көрсетеді. Ата-аналарға сауалнама жүргізу арқылы алынған ақпарат әкімшілік пен тәрбиешілерге келесі оқу жылына жұмысты жоспарлау кезінде балабақша мен отбасының тиімді өзара әрекеттесуін құру үшін ата-аналардың сұраныстары мен тілектерін қарастыруға және ескертуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлері үшін (толық келісемін, келісемін, келіспеймін, толық келіспеймін)

р/с	Сұрақтары	Жауаптары			
		толық келісемін	келісемін	келіспеймін	толық келіспеймін
1	Мектепке дейінгі ұйымның жұмысы уақыт талаптарына сәйкес келеді, инновация режимінде өтеді	80%	20%	0%	0%
2	Педагогтерге білім беру процесіне белсенді қатысу және біліктілігін арттыру үшін жағдайлар жасалған	60%	40%	0%	0%
3	Педагогтар тиімді әдістемелік көмек	100%	0%	0%	0%
4	Мұғалімдер эмоционалды-психологиялық қолдау алады	40%	60%	0%	0%
5	Оқыту мен тәрбиелеудің сапалы процесін ұйымдастыру үшін жағдайлар жасалған	100%	0%	0%	0%
6	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарынан уақтылы өтуі үшін жағдайлар жасалған	87 %	13 %	0%	20%
7	Еңбек жағдайлары Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес келеді	62 %	38 %	0%	0%
8	Әкімшіліктің жұмыс стилі мұғалімдердің өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі бекітуіне ықпал етеді	62 %	38 %	0%	0%
9	Тәрбиеленушілер, ата-аналар, мұғалімдер	62 %	38 %	0%	0%

	арасындағы жанжалдардың алдын алу және шешу бойынша тиімді жұмыс жүргізілуде				
10	Оқу-материалдық база тәрбиеленушілердің дамуына жағдай жасауға ықпал етеді	80%	20%	0%	0%
11	Ұжымда қолайлы моральдық-психологиялық ахуал бар	40%	60%	0%	0%
12	Тамақтану сапасы талапқа сай және мектеп жасына дейінгі балалар үшін теңдестірілген	100 %	0 %	0%	0%
13	Әріптестер мейірімді және әрқашан көмектесуге дайын	100%	0%	0%	0%
14	Сапалы оқыту процесін жүргізу үшін оқу-әдістемелік және техникалық құралдар базасы құрылды	100%	0%	0%	0%
15	Әр мұғалімнің кәсіби және шығармашылық өсуіне жағдай жасалған	87 %	13 %	0%	%
16	Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі жұмыста педагогтарды көтермелеуді қолданады	50 %	50 %	0%	%
17	Ата-аналар топ педагогтарының жұмысына қанағаттанады	80%	20%	0%	0%
18	Мектепке дейінгі ұйымда ереже белгіленген-тексерушілер үшін ақша жиналды	0%	0%	0%	0%
19	Егер сіз жауаптардың кез-келгенін түсіндіргіңіз келсе немесе мектепке дейінгі ұйым туралы түсініктеме қосқыңыз келсе немесе ұсыныстар бергіңіз келсе, осында көрсетіңіз. Егер сізде шағымдар болса, сіз білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету Департаментіне жүгіне аласыз немесе осында көрсетіңіз.	0%	0%	0%	0%

Сауалнамаға 9 педагог қатысқан, педагогтер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне 100% қанағаттанатындығын көрсетті.

